

REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 6 (2014), 123 – 129

THE SECURITY MODEL AND THEORY IN THE PENITENTIARY PRISONS OF WESTERN COUNTRIES

B.R. Taubaev

t_bauka1114@mail.ru

Kazakh National University named after Al-Farabi. Almaty, Kazakhstan.

Key words: criminal executive, model, prisons, penitentiary theory.

Abstract. The article discusses the security model in prisons and prison theory of Western countries. Guided by international standards, the prison system is generally accepted goals - reeducation in accordance with the social norms and values of the person who committed the wrongful act and received a sentence of imprisonment, as well as the prevention of the commission of them re-offending. International requirements for the treatment of prisoners, their detention are considered. The article also discussed the security model in the United States, England and France prisons. Legal analysis of international experience is conducted, including for example, in Spanish colonies, settlements and prisons men are separated from women. And with respect to the separation of juveniles from adults, the separation of convicts on the development of mind was firstly used in France. In England borstal systems of correctional institution were formed. The theory of ordinary classification of convicts in the United States Western Penitentiary is regarded. International conventions provide security and humane treatment, the right to the condemnation of the situation according to the requirement (age, sex, criminal record, the legal reason for their arrest and the ratio of take off, cleanliness and hygiene, clothing and bed, food, walk, exercise and sports) and this world experience in penitentiary system Kazakhstan should apply in the national system. The ways to improve the prison system of the Republic of Kazakhstan are suggested.

УДК 343.8

БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ ТҮРМЕ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІК МОДЕЛІ МЕН ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

Б.Р. Таубаев

t_bauka1114@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Тірек сөздер: қылмыстық атқару билігі, модель, түрме мекемелері, пенитенциарлық теория.

Аннотация: Мақалада батыс елдеріндегі түрме мекемелерінің қауіпсіздік моделі мен пенитенциарлық теориясы қарастырылған. Пенитенциарлық мекемелердегі адам құқықтарын қамтамасыз ету мен сотталғандардың орналасу жағдайын бақылау халықаралық құқық қорғау стандарттарында бекітілген шарттармен, осы саладағы мемлекеттік басқаруды жетілдірудің кейбір жолдары қарастырылған. Пенитенциарлық мекемелердегі адам құқықтарын сақтаудың негізгі мәселелері аталған халықаралық стандарттар, әлемдік тәжірибе және қамау мекемелеріндегі қауіпсіздік мәселесінің даму кезеңі мен тарихы қарастырылған. Шет ел тәжірибесі кеңінен зерттелінген, оның ішінде Испанияда қамау мекемелері мен түрмелерде ерлерді әйелдерден бөліп орналастыру қолданылды. АҚШ-та пенитенциарлық жүйенің пайда болуымен ерлер әйелдерден бөлек, кәмелетке толмағандар – ересектерден бөлек ұсталу мәселесі, камалғандарды ақыл-ойының дамуына байланысты бөліп ұстау ең алғаш Францияда қолданылған. Англияда ашық түзету мекемелерінің борсталды жүйесі қалыптасты, АҚШ-тың Батыс пенитенциариында камалғандардың жай классификациясы теориясы қарастырылған. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ізгілік қарым-қатынасқа және жеке адамның ар-ожданын сыйлауға, (жас мөлшері, жынысы, алдыңғы соттылығы, оларды қамаудың заңдық себептері және олармен жасалатын жазылған қарым-қатынас; орын-жай; тазалық және гигиена; киім-кешек және ұйықтайтын төсек жиынтығы; тамақтану; серуендеу; физикалық жаттығу және спорт) және адамдыққа жатпайтын немесе ар-ожданды кемсітетін қатынас жасау немесе жазалау, тиісті

талаптарға жауап беретін ұстау жағдайларын халықаралық конвенциялар қамтамсыз етеді. Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйесін жетілдірудің кейбір жолдары ұсынылған.

Батыс елдерінің пенитенциарлық теориясы мен практикасының тарихында қылмыстық жазаны орындау мәселесі ретінде бас бостандығынан айыру кезіндегі репрессивті мен гуманистік тәсілдердің қарсылығы байқалады. Оның негізінде түпкі қағида негізіне тұлғаның, түрме мекемесі мен қызметшілердің қауіпсіздігі, сонымен қатар мемлекет қауіпсіздігі жатады. Аталған тәсілдер пенитенциарлық концепциясында көрініс тапқан. Олардың кейбіреулері бірінші орынға жазаны қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің түрі ретінде қойса, ал басқалары – олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоғамда қылмысты алдын алуға көмектесетін қылмыскерлерді түзету факторы ретінде әр түрлі құралдар қолданылады. Соңғысы қылмыстық жазаны орындауда «реинтеграциялық» (ресоциализациялық) моделінің практикада қолдануда көрініс тапты. Осыған американдық және батыс еуропалық шығу тегі бар философиялық, әлеуметтік, криминологиялық, қылмыстық-құқықтық және психологиялық теориялар болысты.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірінші тәсілі пенитенциарлық жүйе адамда жаза алдында қорқыныш қалыптастыруына негізделеді. Бұл оның кейін қайталама қылмыс жасаудан тоқтатып (заңи бағыт), сонымен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басқа жолы – пенитенциарлық жүйеде жалпы адамдық құндылықтарды, яғни қамаудағы адамды түзетуді жүзеге асыру. Сондықтан батыс мемлекеттерінің тәжірибесінде қолданылатын қауіпсіздік модельдерін үлкен екі топқа жатқызуға болады:

1. Репрессивті модель - оның құрамында оқшаулау, жаза мен қорқыту басым болып келеді. Бұл модельге түрмеде қамау, күшейтілген тәртіп, соның ішінде толық оқшаулау тиесілі. Оған пенсильванды модельді жатқызуға болады (Филадельфия, 1786): үндемеу моделі; жеке әсер ету жүйесі, жекеше камера; оборндық модель (Оборн, 1916): мысалы, түрменің индустриалды моделі (қамалғандар күндізгі уақытта жұмыс істейді, ал түнде оларды камераға орналастыратын). батыс мемлекеттеріндегі қазіргі түрме жүйесі Оборндық жүйеден бастау алады.

2. Қоғамдық қауіпсіздіктің түзету моделі – ресоциализациялық және реинтеграциялық. XX ғасырдың 40 жылдарында жазаны өтеудің прогрессивті жүйесі пайда болды, оның құрамына режим жағдайларының қамауға алушының тәртібіне байланысты өзгеруі кірген. Г.Спенсердің түзету моделі - ауытқу тәртібін түзету теориясымен байланысты.

Аталған қауіпсіздіктің пенитенциарлық модельдерінің әрқайсысының теориялық негізі қылмыскер мен оның психологиясына ғылыми және басқа да көзқарастар, сонымен қатар ықпал етудің кейбір тәсілдері болып табылады. Қоғамдық қауіпсіздіктің пенитенциарлық модельдерінің нақты тарихи кезеңде аталған факторлар маңыздылығына қарай бір-бірін тарихи түрде ауыстырды. Соған сәйкес, жазаны өтеп жатқан қылмыскердің көзқарастары да өзгеріп отырды.

Мысалы, ең алғашқы репрессивті модель XVII ғасырда пенитенциарлық орталықтардың қалыптасу кезеңінде батыс мемлекеттерінде қалыптаса бастады. Бұл модельдің теориялық негізі XX ғасырдың басында классикалық қылмыстық, криминология мектептерінің пайда болуымен қалыптаса бастады, ал ғасырдың соңында қылмыстық құқық пен криминологияның неоклассикалық мектептерінің ықпалы негізінде дамыды. Осы пенитенциарлық жүйенің түрі келесідей жазалау мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталды: жазалау (retribution), қорқыту (deferrence), жалпы және арнаулы превенциялар.

XVII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың басында пенитенциаристтер қоғамдық қауіпсіздіктің бастапқы мақсаты ретінде - қылмыскер тұлғасын позитивті өзгерту идеясы, яғни қамалғандарды күтуде қатаң тәртіп негізінде жазаны орындауға қатал ықпал ету түсінді. Мұндай түзету отандық ғылымда заңи деп аталады және қылмыскердің жазадан қорыққандықтан, заңды бұзбайтын тұлғаға айналуы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ресоциализация дегеніміз - қамалғандарға ықпал ету, онда олар дұрыс әлеуметтік байланыстарды біріктіреді және қоғамдық маңызды позициялар мен рольдерге ие болады.

Реинтеграциялық модельдегі пенитенциарлық мекемелерінде қылмыстық жазаны өтеп жатқан қамалғандардың әлеуметтік оңалтудың негізгі тәсілдеріне: жалпы білім беретін оқу, мамандандырылған оқу, әлеуметтік-психологиялық тренинг, психотерапия, діни тәрбие, есірткіден

емдеу, гуманистік әлеуметтік орта мен режим, бос уақытты дұрыс өткізуді дамытушы бағдарламалар жатады.

Қазіргі таңда батыстың пенитенциарлық жүйесі үш негізгі қауіпсіздіктің түрлеріне негізделеді: бақылаушы мен реттеуші; психогенді, социогенді модельдер.

Қауіпсіздіктің бақылаушы және реттеуші моделі түзету мақсаттарына қарай индивидтерді бақылау шараларына – қылмысты анықтау, қамау, сот отырысы мен жазаларына негізделеді.

Психогенді модельдегі қылмыскер – бұл жүйесі бұзылған, жеке терапияны қажет ететін адам түсінігінде қалыптасады.

Социогенді модельде қылмыстылықты және қылмыстылық тәрбиені әлеуметтік факторлар: әлеуметтік дезорганизация, мәдениеттегі қайшылықтар, мәдениетті дамытудың синхронды еместігі сияқты әмбебап ықпал ету тергеуі ретінде түсіндіреді.

Соңғы жылдардың тәжірибесі сотталғандарды қоғамға пайдалы қызметін орындау қызметіне және олардың ұстау режимін бостандықтағы өмірінің жағдайына келтірудің, жартылай ерікті режимде оқшаулауды жоюға бағытталады.

Көптеген шетел криминолог-ғалымдар, пенитенциаристтер мен психологтар (Сазерленд Э., Кресси Д., Тафт Д., Барнс Т., Реклисс У., Титерс Н., Митфорд Д., Ройс А., Шнайдер Г., Кристи Н. және т.б.) өздерінің еңбектерінде түзету жүйесінің негізіндегі пенитенциарлық мекемелерді төрт қағидаға негіздеді:

Қылмыскерлерді жазалаудың орнына қайта тәрбиелеуді қолдану.

1. Заң бұзушы тұлғаны позитивті өзгертудің ғылыми негізделген тәсілдерін қолдану.
2. Жасалынған қылмыстың емес, тұлға ерекшеліктерін дифференциациялау.
3. Сотталғанды өзінің түзелгендігін дәлелдегеннен кейін тез босату.

Кейбір авторлардың қамауға алынған тұлғаны позитивті өзгерту талпынысы, оның арнаулы емдеуді қажет ететін ауру адам ретінде көретіндіктен көрінеді.

Сонымен қатар, Р.Кларкпен келісу қажет, ол түрмелерді «қылмыстылықтың зауыты» деп атайды, бірақ олардың тәжірибесіне жаңа қағидаларды енгізу, түзету мекемелерін қоғамдық емес тәртіпті алдын алудың нәтижелі құралына айналдыра алады (Кларк Р., 1975). Кларк Р. «тұлғаны әлеуметтік қалпына келтіру» сияқты жаңа нысандар қолданылатын «үлгілі» түзету мекемелеріне үлкен үміт жүктейді.

Көптеген батыс мемлекеттерінің пенитенциарист-ғалымдарында жазаны орындау жүйесінің кризисі туралы көзқарас қалыптасты. Бұл көзқарас бас бостандығынан айыру мекемелерінде сотталғандардың тәрбиелемейтіндігіне, керісінше рецидив жағдайларының көбеюіне әкеп соқтыратындығына негізделеді. Шетел авторлары қалыптасқан жағдайды әкімшілік пен қызметшілердің патологиясының төменгі квалификациясымен түсіндіреді. Д.Клемер «Түрме қоғамы» кітабында түрме субмәдениетінің құндылықтары мен нормаларын түсінуді білдіретін «призонизация» терминін енгізді.

Неміс криминологы Г.Шнайдердің ойынша психикалық немесе әлеуметтік, дене зорлық түріндегі жазалау ешқандай тәрбиелік әсері жоқ, мұндай жазалау қылмыскерді зорлықтың объектісіне айналдырады. Ол оған нақты зардап келтіреді. Тәрбиелік ықпал ету қылмыскерге қайта қоғам мүшесі болуға көмектеседі.

Батыс пенитенциарлық теориясы мен тәжірибесінде түзету мекемелерінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бағыты -қамалғандарды классификациялау болып табылады.

Шетел мемлекеттерінің пенитенциарлық жүйесінде түрме әкімшілігі шешетін мақсаттары мен мүдделеріне байланысты қамалғандарды классификациялаудың әр түрлі әдістемелері бар.

Қауіпсіздік мақсатымен жүргізілген ең алғашқы классификация қылмыскерлерді бір-бірінен жасы мен жынысы бойынша ажыратуды қамтыған.

1519 жылы Испанияда жұмыс үйлері мен түрмелерде ерлерді әйелдерден бөлді. АҚШ-та пенитенциарий пайда болуымен ерлер әйелдерден бөлек (1790 ж.), кәмелетке толмағандар – ересектерден бөлек ұсталына бастады. Қамалғандарды ақыл-ойының дамуына байланысты бөліп ұстау ең алғаш Францияда қолданылған.

1908 жылы Англияда ашық түзету мекемелерінің борсталды жүйесі қалыптасты, осы кезде мұндай мекемелер тағы Бельгияда ашылды. Осы мекемелерінің түрінде қамалғандар нәтижелі ықпал ету мақсатымен топтарға бөлінеді.

1909 жылы АҚШ-тың Батыс пенитенциариянда қамалғандардың жай классификациясы өткізіле басталды. 1917 жылы осындай жұмысты Нью-Джерсидағы пенитенциарий өткізе бастады.

1929 жылы түрмелердің Федералды бюросы сотталғандардың классификация методикасын жетілдіре бастады. Ұсынылған бағдарлама 1930 жылы АҚШ-та қабылданды.

АҚШ түрмелерінің әкімшілігі қауіпсіздік мақсатымен қамалғандарды қашу мен қауіп-қатерге байланысты жүйелейді. Бұл негіздерге байланысты қылмыскерлердің бес негізгі категориясын көрсетуге болады.

1. Максималды оқшаулау жағдайларында ұстанылатын тұлғалар - оларда қашу мүмкіндігі бар, өзіне және басқаларға зақым келтіру мүмкіндігі бар тұлғалар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін оларды жекелеген камераларда ұстау қажет және оларды түрме қызметкерлерінен және арнаулы құралсыз (наручниктер, ременьдер, кандалдар) шығаруға болады.

2. Қатаң оқшаулау жағдайында камера мен блоктарда ұсталынатын тұлғалар - түрме бөлімінде бригадаларда бақылау астында жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

3. Шектеулі оқшаулау жағдайында түрме қабырғаларынан тысқары және түрме территориясының аумағында бригадада жұмыс істей алатын тұлғалар ұсталынады.

4. Түрмеден тыс жерде, қадағалаусыз жұмыс істеу мен тұруға рұқсаты бар тұлғаларды минималды оқшаулау жағдайында ұстауға болады.

5. Қала қауымында тұруға немесе оның жанында оқуға және жұмысқа қадағалаусыз баруға, университет жатақханаларында тұруға рұқсат етілетін, қоғаммен қамқорлыққа алынған тұлға.

Пенитенциарлық мекемелер қамалғандардың ұстау режимін жеңілдетуге құштар, себебі максималды және қатаң оқшаулау минималды оқшаулау мен қоғамдық қамқорлыққа қарағанда қымбатырақ болып табылады. Кейбір юрисдикцияларда мұндай қамқоршылық тиімді болуы мүмкін, себебі сотталғандар 3-4 долларды және көлік шығындары үшін 1 долларды адалдай алады.

Сонымен қатар шектеулі мен минималды оқшаулау жағдайында және қауымда тұратын қамалғандар максималды және қатал ұсталынатындарға қарағанда мерзімінен бұрын шартты босатылуға мүмкіндігі бар. Максималды оқшаулау жағдайында ұсталынатын аз ғана қылмыскерлер шартты босатылады.

Германия түрмелерінде қауіпсіздік мақсатымен қамалғандарды екі топқа бөлуге болады: 1) ресоциализацияны қажет етпейтін тұлғалар; 2) ресоциализацияны қажет ететін тұлғалар (көп жағдайда меншікке қарсы қылмыстарды жасаған рецидивистер).

Қамалғандарды жіктеу пенитенциарлық мекемелердің әкімшілігіне қамалғандарға мақсатты ықпал етуге көмек көрсетеді. Яғни, бұл қамалғандарды нақты классификациялық категориясына байланысты олардың әр түрлі қызметіне мақсатты ықпал ету. Сонымен қатар классификация маман-заңгер, әлеуметтанушы, заңгерлермен, психолог және т.б. ғылыми негіздемені қажет етті. Мысалы, АҚШ түрмелеріндегі қамалғандарды классификациялау бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. Кәсіби емес тәсіл: мамандардың қатысуынсыз, түрме қызметшілерінің 10-12 өкілдерінен тұратын комитет қамалғандарға байланысты мінездеме жасау.

2. Классификациялау бойынша жай комитет. Ол әрбір қамаудағы тұлға туралы мағлұмат жинаған әлеуметтанушы немесе психологтың қатысуымен мінездеме құралады.

3. Пенитенциарлық мекеменің құрамының элементі болып табылатын Біріккен комитет, себебі, белгіленген шаралар түрме бастығының орынбасарымен сотталғандарды топтастыру, бір топтағы тұлғалар бір блокта тұрып, жұмыс істей алатындығы.

4. Саны шектелген 3 адамнан (режим бастығы, жүйелеу бөлімінің бастығы мен қамаудағы тұлғаға кеңес беретін маман) тұратын классификациялау бойынша кәсіби комитет.

70-жылдарда батыс мемлекеттерінің пенитенциарлық жүйелерінде қамалғандарды ЭВМ көмегімен, диагностикалық қасиеттердің әмбебаптылығы негізінде классификациялау жасалынды. Түрме қызметшілердің қылмыскер тұлғасының өзгеру мүмкіндігі туралы пікірлері бойынша, қамалғанды ықпал етудің үш категориясының біреуіне жатқызуға болады.

АҚШ-та жаңа жүйе «RAPS» атына ие болды және ол қамалған тұлғаны үш категорияның біреуіне жатқызу үшін қолданылды. Шетел пенитенциарлық теориясы мен тәжірибесінде қамалған тұлғаларды классификациялаудың әр түрлі негіздері қолданылады. Мысалы, кейбір түрмелер сотталғандардың қылмыстық тәртіпке кейбір факторлардың ықпал етуінен қамаудағы адамдарды

классификациялайды. Осы классификациялаудың негізінде әр түрлі мәселелер мен қайшылықтар болады:

а) индивид пен қоғам құндылықтарыны туралы көзқарастардың арасындағы қарама – қайшылықтар;

б) басқа адамдармен өзара қарым- қатынастан пайда болатын қақтығыс;

в) материалдық игіліктердің керектігінен пайда болатын мәселелер;

г) индивидтың өзіндік сана сезімінен пайда болатын мәселелер.

Пенитенциарлық қызметкерлер репрессивті модель шегінде қылмыстық-құқықтық және жеңілдетілген әлеуметтік-демографиялық классификациялау жүйелерімен шектеледі. Сонымен қатар, бұл түрме жүйелерінде ресоциализациялық қауіпсіздік моделі қолданылады, қамаудағы тұлғаларды зерттеу мен классификациялауда криминологиялық, психикалық-педагогикалық, психиатриялық ерекшеліктері есепке алынады.

Әдетте қамалғандарды классификациялау процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңге әділет органдарының классификациясы жатады, оның құрамына пенитенциарлық департаменттің өкілдері, реабилитация бөлімі, мерзіміне бұрын шартты босатылғандар мен шартты сотталғандарды қадағалау бойынша басқару өкілдері, қоғамдық бақылау ұйымдары кіреді. Классификация топтары құқық бұзушы туралы жалпы мәліметті (әлеуметтік мәртебе, медициналық зерттеу мәліметтері) жинайды. Екінші кезеңде түзету мекемелері мен тергеу изоляторларының арасындағы аралық тізбекте диагностикалық орталықтардың мамандары қамалғандарды арнаулы зерттеуді жүзеге асырады. Олар түзету мекемелерінің қызметкерлеріне ұсынылатын, қылмыскерлерді оңалтуға арналған жалпы бағдарламалар құрады. Үшінші кезеңде – жіктеу комиссиялары түзету мекемелерінде қайта келген сотталғандардың жеке істерін зерттейді. Осы мәліметтердің негізінде түзету ықпалы бар нақты бағдарлама құрастырылады. Классификациялық комиссия құрамына жазаны өтеп жатқан тұлғаға кәсіби баға бере алатын тұлғалар кіреді: психологтар, психиатрлар, әлеуметтанушылар, режимді, тәжірибелік бөлімінің өкілдері және т.б.

Шетел ғалымдары мен тәжірибешілердің ойларына, қамалғандардың типологиясы мен классификациялаудың пенитенциарлық теориясы қамалғандардың бостандық жағдайында ресоциализация дәрежесі мен процессін болжауға мүмкіндік береді. Мұндай болжаудың мәселелері бойынша зерттеуді 1923 жылы Массачусетсте С.Уорнер жүргізді, ол мерзімінен бұрын шартты босатудың нәтижелілігін болжамдауды зерттеді. Эрнест Берджесс және оның әріптестері мерзімінен бұрын шартты босатудың нәтижелілігін болжамдауда түрмедегі мағлұматтардың 71 факторына негізделген объективті тәсілді қолданылды.

Болжамдаудың қызық экспериментін Феррис Лон (1936) жасады, оның гипотезасы бойынша қамалғандар өзінің жолдасын мерзімінен бұрын шартты босатудың нәтижелілігін мерзімінен бұрын шартты босату комитетінен нақты болжамдай алады.

Мерзімінен бұрын шартты босатудың нәтижелілігін болжамдау бойынша әйгілі зерттеуді Иллинойс жеріндегі Оулин түрмесінде жүргізді. Қамалғандардың жеке істері зерттеліп, мәліметтердің кейін шартты босатудың жағдайларын бұзумен теңестірілді.

Иллинойстағы Оулин түрмесінде шартты босату үшін сотталғанның еркіндіктегі тәртібі келесідей факторларға байланысты болжамдану қажет: қылмыс түрі; жазаның түрі; қылмыскер түрі; отбасы жағдайы; отбасымен қарым-қатынасы; әлеуметтік жағдайы; алдыңғы жұмысы; алдыңғы тұрғылықты жері бойынша; мерзімінен бұрын шартты босатудан кейінгі жұмысы; достарының саны; тұлғаның қасиеттері; психиатр болжамы.

В.Фокс қамалғанның түрмедегі өмір жағдайына бейімделу дәрежесін анықтау шкаласын құрастырған. Бұл шкала мерзімінен бұрын шартты босатуда да нәтижелі қолданылды. Ол он төрт фактордан құралған болатын.

Атап өту қажет, мысалы, АҚШ-та ФБР қызметшілері пенитенциарлық мекемелерде сотталғандардан, олармен әңгімелесу негізінде сауалнама алады. Олардың ойларына, жауап алу кезінде алынған құнды мәлімет әр түрлі типтегі қылмыскерлердің мінез-құлығын және себеп-салдарын түсінуге көмектеседі.

Батыс криминолог мамандары мен пенитенциаристтер жазалаудың нәтижелілігін анықтауда қылмыскерлерді түзету мақсатымен мадақтау мен тәртіпті модификациялау үшін жазалау, кейбір

адамдар өз тәртібін өзгерте алмайтындығын анықтады. Сондықтан да жазалау оларға тежеушілік ықпал етпейді, қоғам қауіпсіздігіне әкеп соқтырмайды. Олардың ойынша, мадақтау мен жазалау жүйесі, осы адамдарға байланысты қолданылмау қажет. Оларды «эмоционалды жетілдіруге» мүмкіндік беретін, бақыланатын ортаға орналастыру қажет. Жазалау мен мадақтаудың дәстүрлі жүйесі рецидивті күшейтеді. Бұл жағдайда Глюк жұбайларының зерттеулеріне сілтеме жасалынады, олар кәмілетке толмағанға дейін полицияға желінген қылмыскерлердің рецидив дәрежесі осындай желісі болмаған реформаторийда бұрын қамалғаннан жоғары болады.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Всеобщая декларация прав человека // Международные акты о правах человека. Сборник документов. 2-е издание. М.: Норма. 2002. С. 38-42. 1.2 Конвенция о защите прав человека и основных свобод, подписана в Риме 4 ноября 1950 года государствами - членами Совета Европы // Защита прав человека в местах лишения свободы (сборник нормативных актов и официальных документов). М.: Юриспруденция. 2003. С.60-72.
- [2] Конвенции против пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания 1984 года // Международные акты о правах человека. Сборник документов. 2-е издание. М.:Норма. 2002. С. 230-241.
- [3] Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан 1997 г.
- [4] Алексеев А.И. Криминология (курс лекций). М: Центр юридической литературы « Шит ». 2002. 299с.
- [5] Бабушкин А.В. Карманная книжка заключенных и их родственников. М.: Сам себе адвокат. 2000. 200с.
- [6] Бородин СВ. Преступления против жизни. СПб.: Юридический центр Пресс. 2003. 467с.
- [7] Брусицын Л.В. Правовое обеспечение безопасности лиц, содействующих уголовному правосудию. М: Спарк. 1999. 108с.
- [8] Гришаев П.И. Преступления против общественной безопасности и порядка. ВЮЗИ МО СССР. Советское уголовное право. Часть особенная. М., 1959. 40с.
- [9] Гришанин П.Ф., Владимиров В.А. Преступления против общественной безопасности, общественного порядка и здоровья населения. Учебное пособие. М: Высшая школа МООН РСФСР. 1962. 71с.
- [10] Даль В.И. Толковый словарь русского языка. Современная версия. М.: Экмо-Пресс. 2002. 736с.
- [11] Детков М.Г. Наказание в царской России, система его исполнения. М.: Интерправо. 1994. 120с.
- [12] Зайцев О.А. Государственная защита участников уголовного процесса. М.: Экзамен, 2002. 512с.
- [13] Зубкова В.И. Уголовное наказание и его социальная роль: теория и практика. М: Норма. 2002. 304с.

REFERENCES

- [1] Vseobshhaja deklaracija prav cheloveka // Mezhdunarodnye акты о правах человека. Sbornik dokumentov. 2-e izdanie. M.: Norma. 2002. S. 38-42. 1.2 Konvencija o zashhite prav cheloveka i osnovnyh svobod, podpisana v Rime 4 nojabrja 1950 goda gosudarstvami - chlenami Soveta Evropy // Zashhita prav cheloveka v mestah lishenija svobody (sbornik normativnyh aktov i oficial'nyh dokumentov). M.: Jurisprudencija. 2003. S.60-72.
- [2] Konvencii protiv pytok i drugih zhestokih, beschelovechnyh ili unizhajushhijh dostoinstvo vidov obrashhenija i nakazanija 1984 goda //
- [3] Mezhdunarodnye акты о правах человека. Sbornik dokumentov. 2-e izdanie. M.:Norma. 2002. S. 230-241.
- [4] Uголовно-исполнител'nyj kodeks Respubliki Kazahstan 1997 g.
- [5] Alekseev A.I. Kriminologija (kurs lekcij). M: Centr juridicheskoy literatury « Shhit ». 2002. 299s.
- [6] Babushkin A.V. Karmannaja knizhka zakljuchennyh i ih rodstvennikov. M.: Sam sebe advokat. 2000. 200s.
- [7] Borodin SV. Prestuplenija protiv zhizni. SPb.: Juridicheskij centr Press. 2003. 467s.
- [8] Brusnycyn L.V. Pravovoe obespechenie bezopasnosti lic, sodejstvujushhijh ugovolnomu pravosudiju. M: Spark. 1999. 108s.
- [9] Grishaev P.I. Prestuplenija protiv obshhestvennoj bezopasnosti i porjadka. VJuZI MO SSSR. Sovetskoe ugovolnoe pravo. Chast' osobennaja. M., 1959. 40s.
- [10] Grishanin P.F., Vladimirov V.A. Prestuplenija protiv obshhestvennoj bezopasnosti, obshhestvennogo porjadka i zdorov'ja naselenija. Uchebnoe posobie. M: Vysshaja shkola MOOP RSFSR. 1962. 71s.
- [11] Dal' V.I. Tolkovyj slovar' russkogo jazyka. Sovremennaja versija. M.: Jekmo-Press. 2002. 736s.
- [12] Detkov M.G. Nakazanie v carskoj Rossii, sistema ego ispolnenija. M.: Interpravo. 1994. 120s.
- [13] Zajcev O.A. Gosudarstvennaja zashhita uchastnikov ugovolnogo processa. M.: Jekzamen, 2002. 512s.
- [14] Zubkova V.I. Uголовное наказание и его social'naja rol': teorija i praktika. M: Norma. 2002. 304s.

Модель безопасности и пенитенциарная теория в тюремных учреждениях западных странах Таубаев Б.Р.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби.г. Алматы, Казахстан

Ключевые слова: уголовно исполнительная власть, модель, тюремные учреждения пенитенциарная теория.

Резюме: В статье рассмотрена модель безопасности в тюремных учреждениях и пенитенциарная теория западных стран. Руководствуясь международными стандартами, пенитенциарная система служит

общепринятыми целями – перевоспитания в соответствии с социальными нормами и ценностями человека, совершившего противоправное деяние и получившего наказание в виде лишения свободы, а также предупреждению совершения им повторного преступления. Рассмотрены международные требования к обращению с заключёнными, их содержанию под стражей. Также в статье рассмотрена модель безопасности в тюремных учреждениях США, Англии, Франции. Проведен правовой анализ зарубежной практики, из них например в Испании, в колониях поселениях и тюрьмах разделены мужчины от женщин. А относительно разделение несовершеннолетних от взрослых, разделение осужденных по развитию ума впервые использовалось во Франции. В Англии были сформированы борстальные системы исправительных учреждений. Рассмотрено теория обычной классификации осужденных Западной пенитенциарии в США. Международными конвенциями обеспечивается безопасность и гуманное отношения, право на обстановку осуждение согласно требованию (возраст, пол, судимость, законные причины их арестовать и отношение с ними; чистота и гигиена; одежда и кровать; пища; прогулка; физические упражнения и спорт) и этот мировой опыт пенитенциарной системы Казахстан должен применить в национальной системе. Предложены пути улучшения пенитенциарной системы Республики Казахстан.

Сведения об авторе:

Таубаев Б. Р. - *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының 3 – курс докторанты. E-mail: t_bauka1114@mail.ru*

Таубаев Б.Р. - *докторант 3 курса, старший преподаватель кафедры уголовного права и уголовного процесса, криминалистика юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби.г. Алматы, Казахстан. E-mail: t_bauka1114@mail.ru*

Taubaeв B.R. - *3-rd year PhD, senior lecturer in criminal law and criminal procedure, criminal law faculty of law of the Kazakh National University named after Al-Farabi.g. Almaty, Kazakhstan. E-mail: t_bauka1114@mail.ru*

Поступила 26.09.2014 г.